

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПОСТАВИЛ ПЕРЕД НАМИ ЗАДАЧУ – УВЕЛИЧИТЬ ПОТЕНЦИАЛ ТРАНСПОРТНОГО СЕКТОРА И РАЗВИВАТЬ КАЗАХСТАН КАК НАДЕЖНЫЙ ТРАНЗИТНЫЙ ХАБ. В ЭТОМ КОНТЕКСТЕ ВАЖЕН УПОРНЫЙ ТРУД СПЕЦИАЛИСТОВ ОТРАСЛИ, КОТОРЫЕ ОБЕСПЕЧИВАЮТ БЕЗОПАСНУЮ И БЕСПЕРЕБОЙНУЮ ПЕРЕВОЗКУ ПАССАЖИРОВ И ГРУЗОВ. ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ТРАНСПОРТНАЯ ОТРАСЛЬ ПО ИТОГАМ ПЕРВЫХ ШЕСТИ МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПОКАЗАЛА ДИНАМИЧНЫЙ РОСТ НА 22,7%. ЭТО РЕЗУЛЬТАТ САМООТВЕРЖЕННОГО ТРУДА И ДОБРОСОВЕСТНОЙ РАБОТЫ СПЕЦИАЛИСТОВ И ВЕТЕРАНОВ ОТРАСЛИ.

Олжас БЕКТЕНОВ,
Премьер-министр РК



№63 (3102)
08/08/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ТМТМ ОБСУЖДЕНЫ В БАКУ

Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов во время рабочего визита в Баку принял участие во встрече с министром цифрового развития и транспорта Азербайджана Рашадом Набиевым, а также во внеочередном Общем собрании акционеров совместного предприятия Middle Corridor Multimodal Ltd.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Во встрече с Рашадом Набиевым приняли участие советник Президента Республики Казахстан Асель Жанасова и председатель Комитета железнодорожного и водного транспорта Жанибек Тайжанов, руководители ЗАО «Азербайджанские железные дороги», АО «Грузинская железная дорога». Были обсуждены вопросы развития Среднего коридора, цифровизации процессов, реализации Дорожной карты по устранению «узких мест» и другие актуальные направления сотрудничества.

Достигнута договоренность о внедрении совместного мониторинга сроков прохождения контейнерных поездов по маршруту. Это позволит обеспечить стабильность графика, оперативно решать возникающие логистические вопросы и повысить эффективность маршрута.

Совместными усилиями партнеров обеспечены ключевые конкурентные



преимущества маршрута – скорость и надежность доставки. Сегодня грузы из Китая в Европу по ТМТМ доставляются за 15-18 суток, что в два раза быстрее по сравнению с морским транспортом.

В рамках внеочередного собрания

акционеров Middle Corridor Multimodal Ltd. достигнуты договоренности о вступлении номинированной ООО «Китайские железнодорожные контейнерные перевозки» дочерней организации China Railway Container Transport Co., Ltd. в состав совместного

предприятия. Интеграция ведущего оператора контейнерных перевозок Китая в Middle Corridor Multimodal Ltd. придаст новый импульс развитию маршрута и усилит конкурентные преимущества маршрута.

Фото автора

НАРЫҚ СҰРАНЫСЫНА САЙ



ҚТЖ-ның еншілес ұйымы жүк вагондары паркін операторы «Қазтемір-транс» АҚ еліміздегі теміржол көлігі бойынша жүк ағынының 40 пайыздан астамын қамтамасыз етіп отыр.

Компания паркі жыл сайын түрлі типті жаңа вагондармен толығып отыр. 2024 жылдың өзінде 2 мыңнан астам вагон сатып алынған.

– Бұл – ұлттық оператордың тек есеп үшін емес, сұраныстар мен ұсыныстар теңгерімін сақтау үшін жүргізіп отырған жұмысы. Компания тек құр сатып алуға ғана емес, нақты нарық сұранысына қарай ғана вагондар алуға басымдық береді. Операторлық бизнес – көптеген факторларға тәуелді, атап айтқанда геосаяси жағдайдан бастап табиғат жағдайына дейінгі өзгерістерге бағынышты. Мұндай жағдайда тұрақтылық сақтау өте маңызды. Компания еліміздегі парктардың үштен біріне ие, бірақ бәсекелес ортада жұмыс істейді және монополиялық тәртіппен жүрмейді. Сервистік байланысқа, ұзақмерзімді келісімшарттарға басымдық беріледі, – дейді «Магистраль-Live» сарапшылар алаңында сөйлеген сөзінде «Қазтеміртранс» АҚ маркетинг және тариф саясаты жөніндегі басқарушы директоры Абылайхан Жарлықпай.

Спикердің баяндауынша, компания вагондарды бөлудің автоматтандырылған жүйесін енгізуде. Бұл нақты алгоритмдер бойынша жүзеге асырылып, адами факторды болдырмайды және айқындылықты қамтамасыз етеді. Жылдың соңына дейін бұл жүйе сынақтық пайдалану кезеңіне өтеді.

Бүгінде ҚТТ тау-металлургиялық холдингтер мен аграрлық және мұнай химия кәсіпорындарын қоса алғанда 1200-ден астам компаниялармен өзара іс-қимыл жүргізеді. Компания тасымалды субсидиялаудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысып, ТХКБ бойынша Орта дәлізді дамытуға белсенді қолдау білдіреді. Әсіресе Қытай, Өзбекстан, Каспий маңы елдері және одан әрі Еуропаға бағытталатын бағдарларға ерекше көңіл бөледі. Бытырғы жылы ҚТТ вагондарымен 160 млн тоннадан астам жүк тасымалданған.

Райхан РАХМЕТОВА



Марат ОАЛЛОВ,
Қызылорда жол дистанциясының бастығы:



ЖАЗҒЫ МАУСЫМ – ЖОЛДЫ КҮТІП-ҰСТАУ МЕН САҰЫҚТЫ-РУДА ШЕШУШІ КЕЗЕҢ. АПТА БАСЫНДА ЕКПІНДІ – ТӨМЕНАРЫҚ ТЕЛІМІНДЕГІ 2967 КМ 7-ПИКЕТІНЕН БАСТАП 2975 ШАҚЫРЫМ-НЫҢ 9-ПИКЕТІНЕ ДЕЙІНГІ 8,19 ШАҚЫРЫМДЫҚ АУ-МАҚҚА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН ДИСТАНЦИЯНЫҢ ҚАРАКЕТКЕН – ҚАРАИІРІМ ТЕЛІМІНДЕГІ 5,59 ШАҚЫРЫМДЫҚ ЖОЛ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТ-КІЗІЛДІ. ӘРБІР ЖӨНДЕЛГЕН ШАҚЫРЫМ – ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ СЕΝІМДІЛІГІ МЕН ЖОЛАУШЫ ЖӘНЕ ЖҰК ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚАҰПСІЗДІГІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС. БІЗ ҮШІН САПА МЕН ҚАҰПСІЗДІК – БАСТЫ ТАЛАП



ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

16

ЕДИНИЦ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЙ ПУТЕВОЙ ТЕХНИКИ ПРИОБРЕЛО АО «НК «ҚТЖ» В РАМКАХ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ ОБЪЕКТОВ МАГИСТРАЛЬНОЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СЕТИ ДО 2030 ГОДА.

КАЗАХСТАН ЗАКУПИТ

175

НОВЫХ ПАССАЖИРСКИХ ВАГОНОВ ДО КОНЦА ГОДА.

ЗА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2025 ГОДА В ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» БЫЛО ПРИНЯТО

519

ПОМОЩНИКОВ МАШИНИСТА.

Руханият

«АБАЙ QUIZ» ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫНДА ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Абай облысында Абайдың 180 жылдығына арналған онкүндік мерейтойлық іс-шаралар легі жалғасуда. Республиканың қандай да бір аймағында өткізілген келген қонақтар жиналған осынау айтулы шараға жергілікті теміржолшылар қауымы да атсалысуда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Семей ЖТ бөлімшесінің қыз-жігіттері алты алашқа сауын айтқан осынау үлкен шараға алдын ала зор дайындықпен келген болатын. Теміржолшылар қатысқан алғашқы бәсеке ұтқыр да тапқыр жастардан құралған куиз командасы болды. Шараның мақсаты – жастардың ұлт руханиятына деген қызығушылығын арттыру, Абай мұрасын заманауи форматта насихаттау және қазақ тіліндегі зияткерлік ойындарды кеңінен дамыту болатын.

«Абай QUIZ» республикалық зияткерлік ойынына еліміздің 10 өңірінен келген 180 команда, 1080 зияткер азамат қатысты. Зияткерлік сайыс жеті кезеңнен тұрды. Әр кезеңде Абай мұрасы мен әртүрлі салаларға байла-

нысты тақырыптар қамтылды. Ойын барысында қатысушылар ой ұшқырлығы мен білім деңгейін сарапқа салды. Сайыстың жалпы жүлде қоры 4,7 миллион теңгені құрады.

Бәсі жоғары осынау сайысқа қатысып бақ сынаған семейлік теміржолшылар команда-сы өз мамандықтарына сай тақырыпқа тез жауап тауып, жылдам да шалт қимылдармен көзге түсті. Семей теміржол вокзалының қызметкері, команда капитаны Меруерт Әуелгазина бастаған топ 180 команда арасында барынша үздік өнер көрсетті. Нәтижесінде «Ең креативті команда» аталымын жеңіп алып, ақшалай жүлдені қанжығаға байлады. Бас жүлде бір миллион теңге Астанадан келген азулы команданың еншісінде кетті.

Айта кетер ерекшелігі сол,



бұл көрсеткіш республикалық деңгейдегі ұлттық рекорд ретінде Қазақстан рекордтар кітабына ұсынылды.

– Жастарымыз жақсы өнер көрсетті. Техникалық саланың мамандары едік деп өздеріне шектеу қойып тұрған жоқ. Әдеби, рухани тұрғыдағы логикалық сауалдарға тез әрі дәл жауап беруге тырысты. Айтпақшы, команда мүшелерінің қатарында әр кез республикалық, облыстық деңгейдегі қазақша куиз ойындарына қатысып, жүлделі орып жүрген теміржолшылар бар, – дейді НЖС-6 кадр бөлімінің бастысы, Абай тойына қатысты

іс-шараларды ұйымдастырушы Данияр Баймағұлов.

Теміржолшылар қатысып жатқан іс-шаралар көрігі енді қызу. Мәселен, НЖС-6 техникалық бөлімінің бастығы, ұлттық компания желаяғы Нұрлан Бегалилов бастаған әуесқой жеңіл атлеттер «Abai joly ultra trail» жарысына қызу даярлық үстінде. Бұл сайысқа қатысушылар ақынның 180 жылдығына орай Семей мен Жидебай арасындағы 180 шақырымды небары 24 сағат ішінде жүгіріп өтуі тиіс.

Рух, тарих және табиғат тоғысатын осынау ерекше сайыста теміржолшылар қауымына жеңіс тілейміз.

Суретті түсірген автор

ОТМЕЧЕНЫ НАГРАДАМИ МВД РК

Сотрудников АО «НК «Қазақстан темір жолы» отметили благодарственными письмами и ведомственными наградами Министерства внутренних дел РК.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Так, на церемонии награждения в Астане представители Национальной гвардии от лица заместителя министра внутренних дел РК – главного командующего Национальной гвардии Анасгана Балтабекова поблагодарили железнодорожников за оказание эффективного взаимодействия и своевременной помощи в перевозке людей и грузов, техники.

Представители Нацгвардии особо отметили вклад работников грузоперевозок и магистральной сети, пассажирских перевозок и других служб.

Благодарственными письмами отмечены: главный менеджер департамента вокзального хозяйства филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Дирекция магистральной сети» Наталья Костарева, менеджер департамента по продажам и работе с клиентами АО «Пассажирские перевозки» Қуаныш Калыбаев, заместитель начальника станции Астана по оперативной работе ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Алимжан Атаканов, заместитель начальника станции Нұрлы жол филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмолинское отделение ГП» Нұрлан Лесов, ведущий инженер сектора по сервису регионального филиала «Северный»



АО «Пассажирские перевозки» Азамат Кәрбек, исполняющий обязанности начальника Астанинского участка регионального филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки» Бексултан Жумағұлов, ведущий инженер производственно-технического отдела регионального филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки» Сергей Иванов, главный менеджер группы технической политики АО «Вагонсервис» Азамат Жетписбаев, главный инженер Ақмолинского филиала АО «Вагонсервис» Толеш Усаев, начальник ремонтного цеха

Ақмолинского филиала АО «Вагонсервис» Жансултан Абенев.

Нагрудным знаком «Қоғамдық тәртіпті сақтағаны үшін» награждены: начальник станции Астана ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмолинское отделение ГП» Надырхан Кайсаров, начальник оперативного отдела регионального филиала «Северный» АО «Пассажирские перевозки» Евгений Казьмин, заместитель директора Ақмолинского филиала АО «Вагонсервис» Самгат Султанмурат.

Нагрудным знаком «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшелеріне 25 жыл» поощрены: заместитель председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Ануар Ахметжанов, исполняющий обязанности генерального директора АО «Вагонсервис» Қайрат Каналин, директор филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Дирекция магистральной сети» Сакен Рахметов.

Фото Сары САХЫНБЕК

ВТОРАЯ ТОЧКА ОТПРАВЛЕНИЯ



В Казахстан отправлен первый грузовой поезд со станции Сяньлушань города Ухань (Китай). Это вторая станция в провинции Хубэй, с которой теперь будут следовать поезда в Центральную Азию.



Запуск новой станции отправления поездов, курсирующих по маршрутам международных железнодорожных грузоперевозок Китай – Европа / Центральная Азия позволит сократить время транспортировки примерно на двое суток, а общие затраты уменьшить примерно на 15 процентов.

– Ранее все товары, предназначенные на экспорт в Центральную Азию и Европу и перевезенные в Ухань по реке Янцзы, могли быть доставлены только через станцию Учзяшань в провинции Хубэй, – сообщил агентству «Синьхуа» генеральный директор местной логистической компании Чжан Пэн.

В последние годы торговля между провинцией Хубэй и странами Центральной Азии растет. В 2021 году Уханьское отделение корпорации «Китайские железные дороги» впервые запустило грузовой поезд по маршруту Ухань – Алматы. В апреле текущего года грузовые поезда из Уханя в Центральную Азию были включены в регулярные маршруты, что обеспечило ежесезонную транспортную способность до 440 контейнеров ДФЭ и более 7 500 тонн грузов.

Любовь РОВБА

ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛДЫ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл



ҚҮЗЕТ

Әскерилендірілген теміржол күзеті Тараз филиалының жігіттері желілік полиция қызметкерлерімен бірге дер кезінде шұғыл әрекет етіп, адам өмірін аман сақтап қалды.



Оқиға былай болған: жаяу жүргіншілер өтетін аспалы көпірдің үстінде тұрған күзетші Мұхит Нұрымбетов жүк вагонының үстінде адам отырғанын байқап қалады. Дереву қарауыл басшысына хабарлайды. Әрі қарай шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ іске кіріседі.

Осындай төтенше жағдайларда әрекет ететін оңтайлы топ желілік полициямен бірлесе отырып жүк құрамасының жартылай ашық вагонының үстінде жасырынып кетіп бара жатқан адамды Ақшолақ станциясында жүк құрамасынан аман-есен түсіріп алады.

«Вагон үстіндегі жолаушы Қарағанды қаласының тұрғыны болып шықты. Азамат аман-есен, бірақ заңсыз әрекетіне орай шара қолданылатыны түсінікті. Темір жолда қуаты жоғары электр тоғының желісі тартылған. Электр толқыны мен ашық вагондағы суық пен жел ызғары адам денсаулығына қандай зиян екені айтпаса да түсінікті. Оның үстіне жартылай ашық вагоннан құлап, пойыз астына түсіп кету қаупі де бар. Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі» деп жазылған. Теміржол күзеті адам өмірінің қауіпсіздігін сақтаңдырады, заңсыздықтар мен бейберекетсіздікке жол бермейді», – дейді шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ басшысы Шоқан Қасымов.

ӘТЖК Тараз филиалы басшылық тарапынан қойылатын тәртіп пен талаптың арқасында әскерилендірілген теміржол күзетінің жұмысын жүйелі жүргізіп келеді. Еркін Мүсілімов басқаратын филиал ұжымы бұған дейін де қырағылық танытып, талай заңсыздықтардың жолын кескен. Өткен жылы республика бойынша үздік атанып, Ауыспалы Туды жеңіп алған.

Әскерилендірілген күзет жұмысының тиімділігі мен маңызын қарапайым халық түсіне бермейді. Қауіп-қатер туындағанда, тағы бір келеңсіздіктің алдын алғанда ғана салалық қызметтің салмағын бағамдай бастайды.

Суретті түсірген автор

МАҚСАТ – САУАТТЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Ақтөбенің Никельтау станциясында далалық өртпен күрес шараларын пысықтаған тактикалық оқу-жаттығу өтті.



Өңірдегі төтенше жағдайлар департаментінің техникасы мен жеке құрамы қатысқан кешенді шарада дала өрттерін сөндіру, теміржолға жақындатпау, алдын алу шаралары көрсетілді. «Оқу-жаттығудың басты мақсаты барлық қатысушылардың ықтимал қауіпсіздік қатерлеріне жедел ден қоюға дайындығын тексеру, сондай-ақ нақты қауіп төнген кезде жедел қызметтер мен ҚТЖ персоналы арасындағы іс-қимылдарды үйлестіруді жетілдіру болып табылады. Кешенді шара ауқымды өтті. Бірнеше станция өкілдері, ауыл құтқарушылары жұмылдырылды. Мұндай шаралар қауіп кезінде сауатты әрекет етуді нақтылап береді. Шара Хромтау ауданы ТЖ бөлімінің ұйымдастыруымен өтті», – деді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің басшысы Әділ Құбаев.

Жаттығуға Қандыағаш өрт сөндіру пойызынан 12 адам, Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің басшылық құрамы және Хромтау, Қарғалы аудандарының Төтенше жағдай бөлімдері қатысты. Сонымен қатар станциядағы вагон депосы, жол дистанциясы, байланыс дистанциясы қызметкерлері де қалыс қалған жоқ.

Суретті түсірген автор

Хабарландыру

2025 жылғы 10 қыркүйекте Астана қаласында «Темір жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің қазақстандық салалық кәсіби одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақ) XI съезі өтеді. Күн тәртібінде:

1. Кәсіподақ Орталық Кеңесінің 2020-2025 жылдар кезеңіндегі есебі және Кәсіподақтың 2025-2030 жылдарға арналған алдағы кезеңге арналған міндеттері туралы;
2. Кәсіподақтың Бақылау-тексеру комиссиясының 2020-2025 жылдар кезеңіндегі есебі туралы;
3. Кәсіподақ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
4. Кәсіподақ төрағасын сайлау туралы;
5. Кәсіподақ Орталық Кеңесінің құрамын сайлау туралы;
6. Кәсіподақтың Бақылау-тексеру комиссиясының құрамын сайлау туралы.

Кәсіподақтың Орталық Кеңесі

ҚАЗАҚСТАН – ТӘЖІКСТАН: ТРАНЗИТТІ ДАМУЫҒА МҮДДЕЛІ



СЕРІКТЕСТІК

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Тараптар теміржол көлігі саласындағы екі жақты ынтымақтастықты дамыту мәселесін талқылады. Қазақстан мен Тәжікстан арасында жүк тасымалдау көлемін ұлғайту мүмкіндігі қарастырылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы және «Рохи охани Тоҷикистон» МУК елдер арасындағы теміржол қатынасын дамытуға бағытталған әріптестік қатынастарды нығайтуға және бірлескен жобаларды іске асыруға өзара мүдделілігін растады. Атап айтқанда, екі елдің қатысуымен жүктерді тасымалдау көлемі, соның ішінде ресейлік мұнай өнімдерін Қазақстан аумағы



арқылы Тәжікстанға тасымалдау; қазақстандық алюминий тотығын экспорттау; пековоздар және басқа да мәселелер талқыланды.

Қазақстан мен Тәжікстан аумақтары бойынша жүктерді теміржол көлігімен тасымалдаудың оң динамикасы байқалуда. Мәселен, 2025 жылдың 7

айындағы жұмыс қорытындысы бойынша тасымалдың жалпы көлемі 3,1 млн тоннадан асып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15%-ға артқан. Ресейден Қазақстан аумағы арқылы Тәжікстанға мұнай өнімдерін тасымалдау транзиті 713,1 мың тоннаны


құрап отыр, бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 33%-ға жоғары. Сондай-ақ осы кезеңде Тәжікстанға қазақстандық астық тасымалының 38,8%-ға дейін айтарлықтай өскені белгілі болды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Рохи охани Тоҷикистон» МУК арасындағы екіжақты кездесу хаттамасына қол қойды. Олар көлік әлеуетін дамыту және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету мақсатында тығыз ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ екі елдің транзиттік мүмкіндіктерін кеңейту үшін берік негіз құруға дайын екендіктерін жеткізді.

Суретті түсірген Абзал ҚАЛИЕВ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЕРЕКШЕ СЫЙЛЫҚ ЖАСАДЫ

Абай тойы өтіп жатқан Семей қаласында көру қабілеті нашар азаматтарға арналған ерекше кітапхана ғимаратының ашылу салтанаты болып өтті. Жаңа нысанның ашылу рәсіміне «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов және облыс әкімі Берік Уәли мен қала жұртшылығы қатысты.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Айта кетер жайт, жылына 15 мыңнан аса адамды қабылдайтын осынау бірегей инклюзивті кітапхана «Самұрық-Қазына» қорының Абайдың 180 жылдығына орай облыстың тұрғындарына жасаған тартуы болып отыр. Жоба Samruk-Kazyna Trust корпоративтік қайырымдылық қорының қолдауымен 410 миллион теңгеге қаржыландырылды. Сондай-ақ осы мәдени-әлеуметтік мекеме еліміздегі ең ірі және заманауи инклюзивті кеңістік саналады.

Қос қабатты ғимараттың жалпы ауданы – 852 шаршы метр. Жаңа кітапхана зағип және нашар көретін жандардың жүріп-тұруына толыққанды түрде бейімделген. Тифлотехнология кабинеті, дыбыстық әдебиеттер қоры, коворкинг пен оқу залдары, библиографиялық ақпараттар

бөлімі, брайль жүйесімен оқу-жазу бөлмесі, әдебиеттерді өңдеу және толықтыру бөлімі бар. Ерекше азаматтардың кедергісіз еркін кіріп-шығуы үшін арнайы тұтқалармен жабдықталған және білім алуына барлық жағдай жасалған. Кітапхана заманауи стандарттарға сай жабдықталған. Мұнда сонымен қатар Брайль қарпіндегі көптеген жаңа әдебиеттер, дыбыстық кітаптар, арнайы техникалық құрылғылар мен сандық ресурстар да қолжетімді. Кітапханада жалпы саны 41 000-



нан астам кітап қоры бар.

Соңғы бес жылда «Самұрық-Қазына» қоры бір ғана Абай облысында білім, спорт және әлеуметтік осал топтарды қолдау бағытында жалпы құны 2,5 млрд теңгені құрайтын 14 жоба жүзеге асырылыпты. Ол туралы «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры көпшілік алдындағы құттықтау сөзінде тоқталып өтті.

– Қазіргі таңда облыс әкімдігімен бірлесіп Семейдің Ұшақтар шағын ауданында спорт сарайын салу жоспарлануда. Мұнда 4

мыңға жуық адам спортпен шұғылдана алады. Бұл – қор тобының аймақтық инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік қолдауды кеңейтуге бағытталған бастамаларының бірі, – деді Ғибрат Ауғанов.

Қазіргі таңда жаңа кітапхана аумағы абаттандырылуда. Шыршалар отырғызылып, кіреберіс жолдарға асфальт төселді.

Бұл кітапхана, сөз жоқ, зағип азаматтардың білімге құлшынысы мен ізденістерін арттырып, олардың шығармашылықпен айналысу, мәдени және рухани даму мүмкіндіктерін кеңейтетіні анық. Мұның барлығы инклюзивті қоғам құру жолындағы нақты әрі маңызды қадам екендігі анық.

Облыс әкімі де, шараға қатысушы қала жұртшылығы да жаңа ғимаратты салып, сыйға тартқан «Самұрық-Қазына» қорына алғыстарын жеткізді.

Суреттерді түсірген автор

ҚҰЙМА ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Атырау вагон жасау зауыты аумағында мемлекеттік маңызы бар тағы бір өндірістік жобаны жүзеге асыруға қадам жасалды. Қаладағы оңтүстік өндірістік аймақта индустриялық кластерді дамыту бағытындағы жаңа стратегиялық нысан Texol Steel Technology болашақ құйма зауытының іргесіне капсула салу рәсімі өтті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Бұған дейін хабарлағанымыздай, биыл көктемде «Texol Steel Technology» ЖШС мен қытайлық «Hubei Provincial Mechanical and Electrical Institute GROUP Co LTD» арасында теміржол вагондарына арналған болат құйма бөлшектер өндіретін зауыт салу жөнінде келісімшартқа қол қойылған болатын. Соған сәйкес жаңа зауыттың іргетасы қаланып отыр.

Облыс әкімі мен «Тексол Транс» ЖШС басшылығы, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитетінің өкілі, ауыр машина жасау басқармасының басшылары, жергілікті теміржолшылар, кәсіпкерлер мен құрылысшылар қатысқан рәсімде болашақ

ұрпаққа арналған уақыт капсуласы облыс әкімі мен компания басшысы қол қойған жолдаумен бірге іргетасқа салынды.

Жоба Атырау қаласында ірі индустриялық кластер қалыптастыру шеңберінде жүзеге асырылуда. Бұл кластердің орталығы – Атырау вагон жасау зауыты. Жаңа құю зауыты теміржол вагондарына арналған болат құйма бөлшектер шығарады. Жоба бұған дейін шетелден жеткізілген компоненттер өндірісін ел ішінде игеруді көздейді. Негізгі шикізат – металл сынықтары мен ферроқорытпалар қазақстандық жеткізушілерден алынатын болады. Негізгі өнім түрлеріне

тірек, тірек табақ, тартқыш, қысқыш, букса корпусы және басқа да компоненттер кіреді. Аталған алаңда өнім шығарудың басталуы Атырау вагон зауытына вагон жасауға қажетті қосалқы бөлшектерді отандық деңгейде өндіруге мүмкіндік береді. Негізгі шикізат – металл сынығы мен ферроқоспалар Қазақстан аймақтарынан жеткізілетін болады. Кәсіпорын жылына 60 мың тоннаға дейін құйма бөлшек өндіреді деп жоспарланған, ал зауытты іске қосу 2027 жылға белгіленген.

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов өз сөзінде құю зауытының құрылысын бастау – өңірдің

индустриялық кластерін дамытудағы маңызды қадам екенін айтты. «Бұл зауыт вагон бөлшектерінің 96 пайызын отандық өндірісте игеруге мүмкіндік береді, 500-ден астам жұмыс орны ашылады және өңдеуші өнеркәсіптің дамуына үлес қосады. Бұл – Мемлекет басшысы қойған міндеттердің нақты жүзеге асуының көрінісі», – деді ол.

Сондай-ақ шара барысында Теміржол қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Тексол Транс» ЖШС директоры Борис Зиганшинге «Құрметті теміржолшы» атағы беріліп, төсбелгісі табыс етілді.

Суретті түсірген автор

БОРОТЬСЯ СООБЩА



Любовь РОВБА,
Астана

На встрече в офисе Союза транспортников Казахстана генеральный директор Kazlogistics Канат Альмагамбетов и руководитель управления Комитета по противодействию наркопреступности МВД РК Дулат Мухаметрахимов обозначили проблемные вопросы в этой области и пути их решения.

– Анализ существующей в стране ситуации, связанной с контрабандой наркотиков, свидетельствует о постоянном совершенствовании наркоделцами способов и методов их сокрытия при контрабандном перемещении. При этом активно используются транспортно-логистические компании, почтовые отделений и различные

Совместные действия по борьбе с перевозкой наркотических и психотропных веществ обсудили руководители СТК «Kazlogistics» и Комитета по противодействию наркопреступности МВД РК.



курьерские доставки, – сообщил Дулат Мухаметрахимов.

Так, в отдельных случаях транспортные компании, оказывающие курьерские услуги, предлагают клиентам более выгодные условия по сравнению с национальным оператором почтовой связи. При этом они осуществляют свою

деятельность без надлежащего надзора со стороны компетентных органов РК. Соответствующее оборудование для обнаружения запрещенных к обороту веществ у них отсутствует. Поэтому представители транснациональных наркоструктур активно используют такие логистические компании

для пересылки синтетических наркотиков.

Еще одной проблемой становится отсутствие таможенной границы со странами – участницами ЕАЭС, территории которых могут быть использованы наркоструктурами в качестве транзитных. Некоторые зарубежные страны при приеме международных почтовых отправлений от клиента не требуют адреса отправителя и не идентифицируют по документу, удостоверяющему личность.

Участники встречи пришли к выводу, что для эффективной борьбы с нарастающей наркоугрозой необходима координация совместных действий всех заинтересованных госорганов Казахстана, в особенности со службами ПС КНБ РК и таможей.

Кроме того, необходимо проводить беседы с участниками транспортно-логистической отрасли с просьбой проявлять бдительность и незамедлительно сообщать о подозрительных перевозках. Водители и машинисты, задействованные в перемещении наркотических средств и психотропных веществ, будут нести ответственность по закону.

Фото автора

МАСШТАБНАЯ ТРЕНИРОВКА

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



Павлодарские железнодорожники приняли участие в республиканских командно-штабных учениях «Жер-2025». Департамент по чрезвычайным ситуациям развернул областной штаб учений.



В целях оценки готовности группировки сил и средств к ликвидации последствий возможных разрушительных землетрясений проведено внеплановое заседание комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций под председательством заместителя акима Павлодарской области Даурена Жамбайбека, в ходе которого сделаны корректировка и уточнение Плана действий по ликвидации чрезвычайных ситуаций, возникших в результате разрушительного землетрясения в сейсмически опасных регионах страны.

В городах Павлодаре, Экибастузе и Аксу отработывались практические действия по погрузке и отправке группировки сил и средств, инженерной техники железнодорожным транспортом для ликвидации последствий чрезвычайных ситуаций. Развернуты пункты приема для пострадавшего населения. Это важный элемент подготовки к ликвидации последствий чрезвычайных ситуаций.

Основной целью учений стали укрепление системы гражданской защиты и повышение ее эффективности при реагировании на возможные угрозы природного и техногенного характера, отработка алгоритмов взаимодействия между различными структурами, подготовка органов управления и сил государственной системы гражданской защиты к действиям в условиях разрушительного землетрясения.

Фото автора

Интервью

НЕРАЗРЫВНАЯ НИТЬ

Наша героиня – Людмила Сенькина – человек с богатым жизненным и профессиональным опытом. На протяжении многих лет, являясь заместителем председателя Совета ветеранов Алматинского региона, с полной отдачей занимается решением социальных вопросов ветеранов, укреплением связи между поколениями.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

– Людмила Петровна, расскажите, с чего начался ваш профессиональный путь на железной дороге. Почему вы выбрали именно эту отрасль?

– За выбор профессии железнодорожника я благодарна своему отцу, жизненный путь и семейная история которого стали для меня источником вдохновения. Его отец, мой дед, участвовал в осушении болот для строительства Транс-сибирской магистрали. Братья отца продолжили железнодорожную династию: один был начальником станции Боготол, другой – начальником отдела воинских перевозок на Красноярской железной дороге. Именно эта преемственность поколений и любовь к железной дороге стали решающими в моем профессиональном выборе. После окончания РИИЖТа в 1971 году я приехала в Казахстан и начала работать дежурной по станции, грузовым диспетчером, юрисконсультom. С 1982 года – в отделе подъездных путей сначала управления Алма-Атинской железной дороги, а при выходе на пенсию – начальником этого же отдела в центральном аппарате АО «НК «КТЖ».

– Какие моменты в вашей карьере стали поводом для особой

гордости? Что считаете главным достижением за годы службы?

– С обретением независимости Казахстана наступил непростой период работы. Параллельно с основной работой приходилось заниматься переработкой нормативно-правовых документов. В составе рабочей группы участвовала в разработке Временного устава железных дорог, Закона РК «О железнодорожном транспорте», Правил перевозок грузов, программы реструктуризации РГП «КТЖ», технологии работы смешанного железнодорожно-водного сообщения на участке Мангышлак – порт Актау. Считаю большим достижением, что в текущем году наконец-то передан от АО «Каскор-Транссервис» в госсобственность магистральный железнодорожный путь от станции Мангышлак до порта Актау. Яркой страницей считаю работу на протяжении 9 лет в Астане начальником отдела подъездных путей Департамента перевозок АО «НК «КТЖ». Отдел пришлось создавать практически с нуля из местных специалистов. Эти условия, хоть и были временами непростыми, но подарили немало теплых воспоминаний и стали частью большой железнодорожной истории.

– Как вы оцениваете текущее развитие железнодорожной

отрасли? Насколько, по вашему мнению, выбран верный курс?

– Согласно Закону «О естественных монополиях», железнодорожные перевозки относятся к субъектам естественных монополий, и создание конкурентных условий невозможно или экономически нецелесообразно в силу технологических особенностей производства и предоставления данного вида услуг. Много ошибок было допущено при передаче железнодорожных путей в собственность АО «ЦТС» для оптимизации расходов на их содержание. Технология обслуживания подъездных путей значительно усложнилась по причине того, что ряд подъездных путей, в том числе и соединительных, впоследствии оказались реализованными сторонними организациями, не являющимися структурными подразделениями АО «НК «КТЖ». Также необходимо ужесточить требования по выдаче разрешений на строительство и примыкание новых подъездных путей, так как это приводит к затруднениям в работе станций, увеличению простоев вагонов в ожидании подачи и уборки вагонов к местам погрузки-выгрузки.

– Что бы вы посоветовали молодежи, которая только начинает работать на железной дороге?

– Молодежи, которая только

начинает свой путь на железной дороге, я бы хотела пожелать прежде всего любить свое дело. Железная дорога требует дисциплины, точности и ответственности, но в ответ она дает уверенность в завтрашнем дне, стабильность и чувство причастности к большому и важному делу. Учиться у опытных коллег, не бояться задавать вопросы, порой отставать свою точку зрения и всегда стремиться к постоянному развитию.

– Какие традиции железнодорожной отрасли, на ваш взгляд, необходимо бережно хранить и передавать следующим поколениям?

– Сохранить неразрывную нить поколений – значит сохранить историю, традиции и дух труда, который передается от сердца к сердцу, от наставника к ученику. Это связь, основанная на уважении к опыту старших и стремлении молодежи продолжать лучшее, что было создано до них. Уважение к прошлому, внимание к настоящему и забота о будущем, вот что помогает сохранить эту нить живой, прочной и вдохновляющей для новых поколений железнодорожников.

– Какую роль, по вашему мнению, играют ветеранские организации в жизни трудовых коллективов и развитии корпоративных ценностей?

– Ветеранские организации играют важную роль в жизни трудовых коллективов, передавая молодым поколениям опыт, традиции и преданность профессии. Региональный совет ветеранов занимается социальной поддержкой, чествованием юбиляров, организацией встреч и мероприятий. Мы сотрудничаем с Центральным советом ветеранов, руководством, музеем, библиотекой и другими партнерами, чтобы ветераны чувствовали признание и связь с железнодорожной семьей.

Фото автора

ДОРОГА НЕ ДЛЯ ПРОГУЛОК



С начала 2025 года в департаменте полиции на транспорте зарегистрировано 972 случая экстренного торможения поездов. Из них 211 вызваны появлением людей на путях, 725 – выхода домашних животных. К ответственности привлечено 29 350 граждан за переход железнодорожных путей в неустановленных местах.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Для предотвращения несчастных случаев транспортные полицейские совместно с железнодорожниками регулярно проводят профилактические мероприятия на вокзалах, станциях и вблизи жилых массивов. Сотрудники АО «НК «Қазақстан темір жолы» активно участвуют в рейдах, разъяснительных беседах и информационных кампаниях, напоминая гражданам о правилах поведения в зоне повышенной опасности.

Однако, несмотря на принимаемые меры, случаи травмирования на железной дороге продолжают регистрироваться. За указан-

ный период под колеса подвижного состава попал 41 человек, почти половина из них погибла. Среди пострадавших есть и несовершеннолетние дети.

Основными причинами трагедий остаются несоблюдение правил безопасности, переход путей в неустановленных местах, а также нахождение на объектах железной дороги в состоянии алкогольного опьянения. Все это приводит к гибели людей, срыву графиков движения и аварийным ситуациям, создавая серьезную угрозу как для граждан, так и для бригад поездов.

К примеру, только за последние сутки было зафиксировано два серьезных инцидента в Костанайской и Жетысуской областях. В




обоих случаях граждане пересекали пути вне переходов. Благодаря бдительности и быстрой реакции машинистов и дежурных по станции движение поездов удалось своевременно остановить и избежать трагедий. Нарушители были задержаны и привлечены к ответственности.

– Железная дорога – это зона повышенной опасности, где любое нарушение установленных правил может привести к трагическим последствиям. Призываем граждан переходить пути только в специально оборудованных местах, – подчеркнули в департаменте полиции на транспорте.

Фото Александра ЖАБЧУКА

С НОВЫМИ СТИМУЛАМИ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



Почти 16 миллионов тонн различных грузов отправлено со станций Костанайского региона за семь месяцев текущего года.



Таковы итоги работы, подведенные в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП». Как сообщил начальник отдела логистики филиала Кенес Дюсекеев, за этот период было погружено 239 950 вагонов, что в пересчете составляет 15 миллионов 795,1 тысячи тонн.

– Основной объем, как и прежде, занимает железная руда, – уточняет Кенес Дюсекеев. – За семь месяцев отправлено 98 667 вагонов (6,879 млн тонн). Цветной руды погрузили 69 185 вагонов (4,685 млн тонн).

Кроме того, с января по июль строительных грузов было отправлено 1 123 вагона (74,4 тыс. тонн), зерна – 27 043 вагона (1,824 млн тонн), продуктов перемола – 9 463 вагона (633 тыс. тонн).

Только за июль коллектив Костанайского региона отгрузил 34 264 вагона (2,245 млн тонн), выдержав высокий среднесуточный темп – 1 105 вагонов, или 72,4 тысячи тонн ежедневно.

– Мы продолжаем наращивать объемы. Это и есть наша главная задача, – подчеркивает Кенес Дюсекеев. – Особую гордость вызывает то, что накануне Дня железнодорожника многие наши передовики были удостоены наград руководства компании. Это стало для всех нас не только высокой оценкой труда, но и мощным стимулом двигаться вперед.

Фото автора

Объявления

10 сентября 2025 года в г. Астана состоится XI Съезд ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» (далее – Профсоюз) со следующей повесткой:

- Об отчете Центрального совета Профсоюза за период 2020-2025 годов и задачах Профсоюза на предстоящий период 2025-2030 гг.
- Об отчете Контрольно-ревизионной комиссии Профсоюза за период 2020-2025 гг.
- О внесении изменений и дополнений в Устав Профсоюза.
- Об избрании председателя Профсоюза.
- Об избрании состава Центрального совета Профсоюза.
- Об избрании состава Контрольно-ревизионной комиссии Профсоюза.

Центральный совет Профсоюза

№63 (3102) 08/08/2025

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР ЖОЛЫ

Бүкіл саналы ғұмыры темір жолмен тығыз байланыста өткен кейіпкеріміз бұл салаға жарты ғасырға жуық өмірін арнапты. Бүгін 75 жасқа толып отырған мерейтой иесінің еңбек жолы – мамандыққа адалдықтың, табандылық пен жоғары кәсібиліктің үлгісі.



Алматы облысының тумасы Дәулет Қазбеков бала кезінен қандай мамандық таңдайтынын білетін. «Машинист болып, пойыз жүргіземін» дейтін бала қиялы. Мектеп бітірген соң теміржол техникумына түсіп болашақ кәсібіне жол ашты. Ал Алматы локомотив депосында машинистің көмекшісі болып еңбек жолын бастаған күн теміржолшының жарты ғасырға созылған кәсіби қызметінің бастауы еді.

Дәулет Әділханұлы сол кезде қалыптасқан үрдіс бойынша өз саласының барлық өсу сатыларынан өтті: тепловоз машинисі, машинист-нұсқаушы, локомотив депосы бастығының орынбасары, депо бастығы... болып жалғасқан еңбек жолы кейіпкеріміздің темірдей төзімділігі мен табандылығы, бір орында тоқтап қал-

май, алға ұмтылған батылдығы арқасында сәтті өрілді. Алматы локомотив депосының бастығы болып еңбек еткен жылдар оның басқарушылық талантын толығымен ашып, машинистер ұжымының шынайы сенімі мен құрметіне ие болды. Ол өзін болашақты бағамдап, стратегиялық маңызды шешімдер қабылдай алатын сауатты ұйымдастырушы ретінде көрсетті. Оның басшылығымен депода өндірістік көрсеткіштердің артуына ықпал еткен бастамалар жүзеге асырылып, ауқымды жаңғырту жүрді. Ондаған ұлт өкілдері жұмыс істейтін ұжымда өзара түсіністік пен жауапкершілік атмосферасы қалыптасты.

Дәулет Әділханұлы ол жылдар өмірінің ең маңызды кезеңі болғанын еске алады.

– Жиырма жасымда еңбек жолымды бастаған Алматы депосы маған туған шаңырағымдай ыстық та қымбат болды. Тоқсаныншы жылдары қиын да күрделі кезең қалыптасты, бірақ ортақ мүдде жолында жұдырықтай жұмылған біз ол қиындықтарды да еңсеріп, талай сыннан сүрінбей өттік. Мен сол жылдары бірге жұмыс істеген жандарды құрметпен еске алып, мақтан тұтамын. Ол жылдар тәжірибесі кейінгі қызмет жолымда талай керегіме жарады, – деп еске алады кейіпкеріміз.

Қызмет сатысымен өсе келе Алматы бөлімшесінде локомотив қызметінің бастығы болып тағайындалған жылдар отандық теміржол көлігінде реформа басталған кезбен тұспа-тұс келді. Жылдар бойы қалыптасқан жүйе бырт-бырт үзіліп, бұрын мүлде жат болып келген жаңа ұғым, меншіктік көзқарас, саланың нарықтық экономикаға көшу кезеңі қиын және ауыр өтіп жатты. Дегенмен, теміржолшылар бұл қиындықты да артта тастап, сала даму жолына түсті.

Дәулет Қазбеков реформалау нәтижесінде пайда болған ҚТЖ-ның «Желдорремаш»

кәсіпорнын бірнеше жыл басқарып, темір жолдың машинажасау саласындағы талай жобаларды жүзеге асыруға атсалысты. Ал теміржолдағы қызмет атаулы жөндеу және пайдалану секторына бөлінген тұста «Қамқор» сервистік қызмет көрсету корпорациясында басшылық қызмет атқарды. Жөндеу саласының қызметін нарықтық қатынастарға сай құрып, сервис сапасын арттыруға күш салды.

Мансабының барлық кезеңінде салаға, сүйікті кәсібіне адалдық пен жауапкершілік қасиеттерін ұстанған жан зейнетке шыққан соң да жекеменшік компанияда мамандығына сай бірнеше жыл қызмет атқарып, еңбек өтілі жарты ғасырға жуықтағанда біржолата демалысқа шықты. «Құрметті теміржолшы» белгісімен, «Даңқты еңбегі үшін», «Түркісіб-90» төсбелгілерімен, басқа да теміржол көлігінің мерейтойлық медальдарымен марапатталып, абырой арттырды.

Ардагер теміржолшы бүгінде жұбайы Сәуле екеуі ұл-қыздарынан тараған немерелердің тәрбиесімен айналысады. Қазбековтердің үлкен шаңырағында қашан да бірлік пен береке салтанат құрған.

Елена АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Алматы

ЛУЧШИЕ ИЗ ЛУЧШИХ

В рамках празднования Дня работников железнодорожного транспорта в Павлодарском отделении ГП прошло открытие Доски почета.



Список стены славы пополннлся новыми именами. Всего 39 работников всех структур железнодорожной отрасли. Среди них дежурный станции Спутник Ирина Оплятова, дорожный мастер Ерейментауской дистанции пути Саят Малышев и другие.

В церемонии награждения приняли участие директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»

– «Павлодарское отделение ГП» Азамат Тайжанов, исполняющий обязанности директора филиала АО «НК «КТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети» Булат Баймагамбетов и председатель Павлодарского филиала ОО «Казпрофтранс» Рафаил Сабаров.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

Как живешь, станция?



ДОВЕРИЕ И ВЗАИМОВЫРУЧКА

Станция Отар по праву считается одним из лучших предприятий Алматинского региона. Здесь трудится коллектив, который своим ежедневным трудом подтверждает: успех достигается там, где высокая профессиональная культура, где чтят традиции и уверенно внедряют новые технологии.

Расположенная на стыке Алматинского и Жамбылского отделений, станция Отар относится ко второму классу. В сутки здесь принимается и сдается по стыку до 30 пар грузовых и 20 пар пассажирских поездов. Только за первое полугодие текущего года здесь погрузили 360 вагонов, выгрузили 2 783 вагона. Именно здесь формируются составы, которые отправляются на узел Алматы.

Станция играет ключевую роль в обеспечении топливом и сырьем важнейших предприятий региона. Цементный завод в Кордае, энергетики и промышленные предприятия получают необходимую продукцию благодаря четкой организации работы и профессионализму железнодорожников. Уголь, руда, нефтепродукты – каждый день эти стратегические грузы проходят через Отар, обеспечивая бесперебойное функционирование экономики.

Во главе коллектива стоит Азат Есентай, представитель династии железнодорожников. Начав трудовой путь на станции Отар в должности сигналиста, он прошел все ступени служебного роста и досконально знает каждый участок работы. Под его руководством станция стабильно демонстрирует высокие производственные показатели и уверенно идет в ногу со временем, внедряя современные методы организации труда.

– Успех станции – это ежедневный труд каждого нашего сотрудника, – подчеркивает Азат Есентай. – Будь то дежурный по станции, составитель поездов или приемосдатчик, каждый из них вносит свой вклад. Мы уделяем большое внимание молодежи, наставничеству, передаче опыта от старшего поколения к младшему.

Жизнь станции Отар – это не только сложная производственная работа, но и насыщенная корпоративная жизнь.

Встречи с ветеранами отрасли, творческие конкурсы, спортивные мероприятия стали доброй традицией. Здесь каждый сотрудник чувствует себя частью большой профессиональной семьи, где крепкие отношения между коллегами основаны на доверии и взаимопомощи.

Особое внимание уделяется заботе о людях. Недавно после капитального ремонта открылся дом отдыха для локомотивных бригад. Полностью обновленное здание стало местом комфортного восстановления сил между рейсами. Спальные комнаты выдержаны в спокойных пастельных тонах, оборудованы холл с телевизором, уютная кухонная зона. Здесь учтены все потребности локомотивщиков – от комфорта до безопасности.

Важным стало и расположение дома отдыха – он находится в отдалении от шумных путей, в спокойном месте, что особенно важно для полноценного восстановления после напряженной смены. Это не просто помещение, а проявление заботы о тех, чья работа требует максимальной концентрации и физической выносливости.

Каждая служба на станции работает как часть единого механизма. Маневровые бригады, дежурные по станции, работники вагонного хозяйства и вспомогательных подразделений – все они, несмотря на разные направления работы, объединены командным духом. Здесь знают: успех возможен только тогда, когда каждый сотрудник чувствует ответственность за общее дело.

Станция Отар остается примером того, как грамотная организация труда, уважение к традициям и искренняя забота о людях создают мощную основу для устойчивого развития и достижения высоких результатов.

Миленна КАИРОВА, станция Отар
Фото автора

АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

Теміржолшылар мерекесіне орай Атырау вагон пайдалану депосы аумағынан «Ардагерлер аллеясы» ашылды. Бес жүзге жуық шаршы метрді құрайтын аллеяда түрлі ағаштар егілген, отырып демалатын сәкілер қойылған.

Аллеяның ашылу салтанатына деподан зейнетке шыққан ардагерлер, қазіргі буын өкілдері қатысты. Алдымен сөз алған депо бастығы Әмірбек Бейсеев ұжым болып осындай ұйғарымға келгендерін мәлімдеді. Шынында, ардагерлердің жиі-жиі кездесіп, өзара әңгіме-дүкен құруына, бас қосып теміржол саласындағы мәселелерді талқылауына да, қыдырып-демалуына

да бұл аллея – таптырмас мүмкіндік. «Аллеяның сіздерге жақсы демалыс орны болатынына сенеміз. Тек жұмыс күндері ғана емес, демалыс күндері де келуге болады» деді депо бастығы.

Депо ардагері, бұрынғы басшысы Юнус Құлжанов пен Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Аслан Базарғалиев лента кию рәсімін жасап, аллеяға жол ашты.



Арнайы тігілген қазақы киіз үй ішінде қонақтарға ас беріліп, сый-құрмет көрсетілді, ән шыркалып, күй тартылды. Риза болған ардагерлер аллеяны аралап, естелік суретке түсті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

ЛАКОМСТВО В ОБМЕН НА ТАРУ



В парке района Майкудук прошла экокция «Обменнй 5 пластиковых бутылок на мороженое», организованная при участии старшего смотрщика вагонов ВЧД-13 Асылы Садвакасова и команды молодых железнодорожников.

Акция была организована в рамках республиканского проекта «Тазы Қазақстан», инициированного Президентом страны.

В течение дня участники собрали свыше 35 тысяч пластиковых бутылок, а горожа-

нам было вручено около пяти тысяч порций мороженого. По словам Асылы Садвакасова, главная цель мероприятия – формирование экологической культуры и привлечение внимания к



проблемам окружающей среды.

Карагандинские железнодорожники регулярно проводят

ДЛЯ СИЛЬНЫХ, ЛОВКИХ, СМЕЛЫХ



На станции Караганда-Сортировочная прошли спортивно-массовые мероприятия на призы Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».



а шахматы – это логическая игра для двух игроков. Здесь требуется определенный склад ума, – отметил инструктор по спорту Тағат Аймаңбетов. Соревнования были азартны-

ми с присутствием не только игроков, желающих сразиться со своими соперниками, но и болельщиков, переживающих за своих фаворитов.

В конце мероприятия перед

экодесанты, белят деревья, строят и устанавливают скворечники, проводят беседы по сортировке отходов. Это помогает снизить нагрузку на природу и грамотно утилизировать отходы.

Также в числе добрых дел волонтеров – визиты в детские дома и дома престарелых, помощь многодетным семьям и родным погибших сотрудников. Подобные инициативы вдохновляют коллег присоединиться к волонтерскому движению. Впереди у команды – новые экологические и благотворительные проекты.

Лана ВЕРШИННИНА,
Караганда
Фото автора

жюри стояла непростая задача в выборе лучших игроков.

Итак, в асық ату первое место занял Кайрат Талдыбаев (ТЧЭ-14), второе – Бахыт Бауржан (ТЧЭ-14) и третье – Ораз Окапов (ВЧД-13). В Арқан тарту сильнейшей стала команда ТЧЭ-14, в гиревом спорте первое место занял Сергей Старожинский (ТЧЭ-14), второе – Даниил Шершнев (ТЧЭ-14) и третье – Айдын Кудабаяв (НЖС-4).

В шахматах победителем стал Сергей Кабов (пенсиянер), второе место занял частный предприниматель Еркен Салтыбаев и третье – Сергей Аркатов (пенсиянер).

Все победители и призеры были награждены дипломами, кубками и ценными подарками от Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ,
Караганда
Фото автора



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



КАЗКОЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, ауе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
альынғы, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.